

осы ғасырдың алғашқы онжылдықтарында елеулі үлес қосқанын айрықша үлгілерден бағдар алды.

Алдымен қазақ тілінің құрылымы күрделі екенін мойындау керек. Осы күрделілік бірден пайда болған жоқ, ол жүре-бара қалыптасты. Мұндай жүйе ұзақ тарихи жолдан өтеді. Егер біз тіл мен ойдың бірлігін мойындайтын болсақ, онда қазақ тілінің бойындағы күрделілікті ойлау бірлігінен қарастыруымыз керек. Ендеше осыдан шығатын жай – қазақ тілі, оны қолдаған қазақ халқының ойлау қабілеті өзге халықтардың қай-қайсысынан да кем болмаған дей аламыз. Осымен байланысты «бұратаналардың» ойлау қабілеті «европалықтардан кем болады» дейтін зиянды тұжырымға ешбір орын қалмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Аманжолов С. Қазақ тілінің синтаксисі. – Алматы, 1993.
- 2 Амажолов С., Аманжолов А., Қосымова Г. Қазақ тілі. – Алматы, 2004.
- 3 Катембаева Б., Нұрпейісов Б. Қазақ тілінен дидактикалық материал. – Алматы, 1994.

### АНАНЫҢ ТІЛІ – АРДАҚТЫМ МЕНІҢ

*Қанафина Ф.Қ.,*

*Рысқұлов Т. атындағы Қазақ экономикалық университеті, Қазақстан*

*Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған  
тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.  
Б. Момышұлы*

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәрбиесі мен берген тәлімінің негізі, қатынас құралы, еліміздің болашағы. Тіл болмай сөз де, ел де болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде, елдің болашағында мән – маңыз болмайтыны айдан артық. Сондықтан тілдің, сөздің орны ерекше. Осы тұрғыдан қарағанда ана тіліміздің болашағын терең ойлану әр азаматтың парызы деп ойлаймын. Еліміз Қазақстан Республикасы егендік алды, тәуелсіз ел атанды. Ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Тіл туралы заң қабылданды. Қыркүйек айында Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің күні ретінде атап өтіліп жүр. Еліміз егемендік алғаннан бері жыл сайын тіліміздің мәртебесі өсіп келеді. Әр мекемелерде, атап айтсақ, оқу орындарында тілге байланысты апталықтар өткізіліп тұрады.

Тіл – халықтың жаны. Тіл құрыса, қазақ халқы да жер бетінен жоғалады. Халқымыздың аса бай рухани қазынасы – туған ана тіліміз. **Ол – қазақ тілі.** Қазақ тілі – өзінің кең пейілдігімен, байлығымен кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ сөзі еркін шығатын, аңқылдап тұратын, биязылығымен көркем, даланың қоңыр желіндей жайдары, қазақ халқының ерекше құрметтейтін мақтанышы, ырысы, бақыты десек артық емес.

**Анамның тілі – ардақтымменің! О, туған ана тілім! Ана тілі.** Тіл адамдар арасындағы қатынас құралы, өйткені адамдар қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы сөйлеседі, пікір алысады, ойын жеткізеді. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халқымыздың өткені, бүгінгісі, ертеңі. Тіл арқылы біз оқып, білім аламыз, қалаған мамандықты игереміз. Тіл арқылы даналар сөзін оқып білеміз, содан ғибарат аламыз. «Өнер алды – қызыл тіл» деген даналы сөз осыдан шыққын болар. Тіл халықпен бірге жасайды, дамиды, өркендейді.

**Ана тілің – арың бұл,**

**Ұятың боп тұр бетте.**

**Өзге тілдің бәрін біл,**

**Өз тіліңді құрметте,** – деп талантты ақын **Қадыр Мырза Әли** ақын ағамыз жырласа, ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі, халықтың қасиетті мұрасы.

Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін – келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени – әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым.

Біздің халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі – өзінің кең даласындай бай, шешен тіл. Қазақ сөзі қашан да еркін шығатын, сөз байлығымен құнарлы тіл. Ана тілі – бұл әкенің тілі, туған халықтың тілі, елімізді мекендейтін жүз жиырма бес ұлттың тілі. Ана тілі ана сүтімен бойымызға сіңген туған тіліміз. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел мемлекет болып өмір сүре алмайтыны бәрімізге аян. Сондықтан дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады, қолынан келгеннің бәрін жасайды, салт-дәстүрін айрықша бағалайды, ана тілін ерекше қорғайды. Мысалы, көптеген өркениетті елдердің өшіп, тілдерінің жоғалып кетуі де тілдерін жоғалтып алуынан болғаны екенін ғылым дәлелдеп отыр. Сондықтан әр халықтың өзінің ана тілі бар.

Тіл құдіреті – ерекше. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Тіл – ұлттың жан дүниесі. Қазақ халқының басынан талай қиын жағдайлар, қайғылы күндер, ауыр сәттер, сын сағаттар өтсе де өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен дарыған ана тілі ғана. Ғасырлар бойы ұрпақтан – ұрпаққа жетіп, сақталып қалған қанатты сөздер. Елбасының «Қазақстан болашағы – қазақ тілінде. Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген даналы сөзі бар. 2005 жылғы жолдауында айтылған «Біз барша қазақстандықтарды ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» деген сөзі Қазақстан халықтарының басын біріктіруші амалдың бірі десек қателеспейміз.

«Ұлттың тілі – ұлттың ділі» деген даналы сөздің түйіні ұлт пен ұлыс болмасының ең басты байлығы – ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтыны тарихтан белгілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан кезеңде ана тілімізді болашақ тіршілігіміздің түп қазығына айналдыру – әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті. Ата – бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтау отбасынан басталу керек. Айналадағы дүниемен таныстырғанда ана тілде сөйлеп, сол тілде қуанышыңды білдіріп, ренішінді бөлісіп, жұбатып отырса нұр үстіне нұр болар еді. Сонда ана тілдің қадір-қасиетін арттыра түседі.

«Тәрбие басы – тіл» деген осы күнге дейін мағынасын жоғалтпаған қанатты сөз ХІ ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Йүгінекидің есімімен байланысты. Үзілмей келе жатқан осындай даналық дәстүрдің жалғасын біз бүгінгі күнгі ұрпақтан да көреміз. Ана тілдің асыл қасиеттерін тура түсініп, қанатты сөздерге айналдырып, тілдің өрісін асырған зиялылар да баршылық. Мысалы, қазақ тілінің жанашырларының бірі болған сатирик ақын Шо-на Смаханұлы өзінің өлеңінде тілдің жағдайын былай сипаттайды:

**Қазіргінің баласы,**

**Көп білем деп көкиді.**

**Әкесінің жазғанын**

**Аудармадан оқиды.**

Қай қоғамда да тіл мәселесі болатыны белгілі. Біздің ұлтымызда да тіл мәселесі өзекті болып отыр. Біздің республикамызда мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Солай бола тұрса да бізде көптеген қазақтар отбасы ішінде, сыртта, қоғамдық орындарда, тіпті кейбір мекемелерде тек орысша сөйлеп, тілдің сөйлеу өрісін тарылтып отыр. Кейде қазақша сөйлегендердің тілді шұбарлап сөйлегендерін көрсең ішің ашып, амалың құрйды. Сонымен қатар бүгінгі күні қазақ тілін қоғамда, жарнама тілінде, кейбір сауатсыз аударламаларда әлі де кері тартушылық ба-сым болып тұр. Біздің басты кемшілігіміз осы.

Қазір қоғамда жастар ана тілін дұрыс білмейді деген ұғым қалыптасқан, ол дұрыс емес. Өйткені өмірдің болашағын қазір жастар жақсы түсінеді, сондықтан экономика және де басқа ғылым тілдерінің ана тілдегі баламасын біліп, үйренуге талпыныстары көп.

Қымбат тон, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы өмірлік емес, күндердің күнінде тозады, сарқылады. «Тілден асқан байлық жоқ» деген, сондықтан халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпау әр ұлттың міндеті. Сондықтан асыл қазынамыз ана тілімізді сақтай да қорғай білейік.

«Тілсізді – айуан дейді. Тілі кедей елді – мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды. Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан – тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми-әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері (мерило). Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен-кеткенмен әлемді танып, өзімізді жұртқа – әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз – сондықтан «өнер алды қызыл тіл» дегендейін, адам баласының байлығында тілден артық не бар» деп көптеген қанатты сөздердің авторы, гвардия полковнигі, жазушы, Халық Батыры Бауыржан Момышұлының жазған «Қазақ тілі туралы пікірі» мақаласынан үзіндіні өзгертпей үлгі ретінде келтіруге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н. Ә. Қазақстан халқына жолдауы, 2005.
- 2 Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы. Қазақ тілі туралы пікір. – Алматы, 1944.
- 3 Қадір Мырза Әли. Өлеңдер жинағы. – Алматы.
- 4 Шона Смаханұлы. Өлеңдер жинағы. – Алматы.

### **КОНТРОЛЬ И ОЦЕНКА ЗНАНИЙ СТУДЕНТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ ДИСЦИПЛИНЫ «ЛЕКСИКОЛОГИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА» В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ**

*Касенова А.Б.,*

*Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан*

Несмотря на то, что в педагогике и методике проведено много исследований по проблеме контроля и оценки знаний, умений и навыков студентов, проблема организации контроля остается актуальной.

Контроль знаний студентов – важная необходимая составляющая учебно-воспитательного процесса. От того, как осуществляется проверка и оценка знаний студентов, зависит усвоение учебной дисциплины, формирование интереса к предмету, а также воспитание таких важных качеств личности, как самостоятельность, инициатива, ответственность и т.д.

Данная статья рассматривает один из возможных методов контроля и оценивания знаний и умений студентов при изучении теоретической дисциплины «Лексикология английского языка» в условиях кредитной системы обучения.

Курс лексикологии в качестве одной из профилирующих дисциплин в подготовке современного специалиста, владеющего базовым иностранным языком, направлен на углубление лингвистического, филологического и общенаучного кругозора, на дальнейшее расширение иноязычной коммуникативной и межкультурной компетенций обучаемого.

Контроль знаний и умений студентов при изучении теоретической дисциплины усложняется несколькими факторами: во-первых, количеством студентов (в потоке от 70 до 90 человек) и невозможностью опросить всех на каждом практическом занятии, во-вторых, обычно преподаватель использует традиционную форму опроса, т.е. студенты готовят только материал лекции, зачастую просто зачитывая его.

В течении двух лет мы использовали рейтинговую систему оценивания знаний, умений и навыков студентов, которая была разработана учебно-методическим центром Костанайского государственного университета им. А. Байтұрсынова. Данная система имеет много по-